

**ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
«ТҮЛКІБАС АУДАНДЫҚ ОРТАЛЫҚ АУРУХАНАСЫ» ШЖҚ МКК**

ХАТТАМАСЫ № 2024/7

«28» қараша 2024 жылы.

Т.Рысқұлов ауылы.

Түркістан облысы денсаулық сақтау басқармасының «Түлкібас аудандық орталық ауруханасы» ШЖҚ мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнында Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне жүргізілген ішкі талдау нәтижелері бойынша берілген ұсыныстарды орындалуы, тиісті шарлар туралы жиналыс өткізілді.

Түлкібас аудандық орталық ауруханасының басшының медициналық қызмет сапасын бақылау жөніндегі орынбасары Б.Е.Курманбеков төрағалық етіп, басшысының орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі (*Мамандар бөлімінің басшысы, инспекторлары, Жоспарлау және экономика бөлімінің басшысы, Мемлекеттік сатып алушы бойынша бухгалтер*), бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мейірбикелер қатысты.

КҮН ТӘРТІБІ:

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (*ҚР МҚІСҚА 2016 жылғы 19 қазандағы №12 бұйрығы*) бойынша түсінік берді.

Осы Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізудің үлгілік қағидалары (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және мемлекеттік органдардың, ұйымдардың және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің (бұдан әрі – сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектілері) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібін айқындайды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектілері сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды жүзеге асырады, оның нәтижелері бойынша сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал ететін себептер мен жағдайларды жою жөнінде шаралар қабылдайды. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау: объективтілік; сенімділік; айқындық; жан-жақтылық қағидастарында жүргізілетіні туралы айтып өтті. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу тәртібі: Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісі басшысының, ол болмаған кезде – оның міндетін атқарушы не оның лауазымын алмастыратын адамның шешімі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге негіз болып табылады. Бұл ретте, осы Үлгілік қағидаларда сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің басшылары деп мемлекеттік органның және оның ведомствосының, ұйымның басшылары, сондай-ақ олардың қызметіне ағымдағы басшылықты жүзеге асыратын квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшылары түсініледі. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау объектісі құрылымдық бөлімшенің, ведомствоның, ведомствоға бағынысты ұйымның, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісінің аумақтық және оған теңестірілген бөлімшесінің (бұдан әрі – талдау объектісі) қызметі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауды талдау объектісі іске асыратын функциялардың санына және оның штат санына қарай құрылымдық бөлімше, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізуге уәкілеттік берілген, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің бірінші басшысы айқындайтын тұлға немесе оның шешімімен құрылатын жұмыс тобы (бұдан әрі – жұмыс тобы) жүргізеді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау субъектісі басшысының шешімі бойынша жұмыс тобының құрамына, сондай-ақ талдау нәтижелерін талқылауға және анықталған сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою жөніндегі ұсынымдарды іске асыру мониторингіне сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау объектісінің жанынан болған жағдайда, Қоғамдық кеңестің мүшелері, сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың өзге де субъектілерінің мамандары және (немесе) сарапшылары тартыладығы туралы айтылды.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу туралы шешім мынадай: қызметі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдауға жататын бөлімшенің атауы, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жолдау, тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізетін құрылымдық бөлімше, лауазымды тұлға (лауазымды адамдар) немесе жұмыс тобының дербес құрамы туралы, тәуекелдерін ішкі талдаумен қамтитын кезең мен мерзімі, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу және жұмыс нәтижелері үшін басшылық, үйлестіру және жауапкершілік жүктелетін сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау субъектісінің лауазымды адамы туралы ақпаратты қамтиды. Бұл жұмыс Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау 30 жұмыс күніне дейінгі мерзімде жүргізіледі.

Қажет болған жағдайда, осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген мерзім сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау субъектісі басшысының бұйрығы негізінде, 15 жұмыс күнінен аспайтын мерзімге ұзартылады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жылына кемінде бір рет жүргізіледі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті орган талдау объектісінің қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне сыртқы талдау жүргізген жағдайда, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау ол аяқталған күннен бастап бір жыл өткен соң жүргізілетіні туралы айтылды.

Сонымен бірге Түлкібас аудандық орталық ауруханасы және барлық қарасты медициналық мекемелерде медициналық мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша жеке және қосалқы медициналық орталықтарына жіберілетін жолдамаларды, өзге де ресми құжатты қолдан жасау не мұндай құжатты өткізу, сол сияқты қолдан жасалған мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, арнайы медициналық формаларды, Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру сияқты орын алу мүмкін. Сондықтан алдағы уақытта барлық дәрігерлер мен медбикелер тиісті өздеріне берілген логин, паролдер тек әркім өз дәрігерлер мен медбикелер қолдана отырып, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 18 қарашадағы «Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын беру қағидаларын бекіту туралы» № ҚР ДСМ-198/2020 бұйрығына сай Еңбекке уақытша жарамсыздық сараптамасы «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Заң) сәйкес және басқада тиісті бұйрықтарымен орындалуын айтып ескертілді.

Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексте көзделген.

Сонымен бірге қазіргі кезде Медициналық мекемеде көрсетілетін қызмет түрлері бойынша жеке және қосалқы медициналық орталықтарына жіберілетін жолдамаларды, өзге де ресми құжатты қолдан жасау не мұндай құжатты өткізу, сол сияқты қолдан жасалған мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, арнайы медициналық формаларды, Еңбекке уақытша жарамсыздыққа сараптама жүргізу, сондай-ақ еңбекке уақытша жарамсыздық парағын немесе анықтамасын негізсіз берілген болса Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 3 шілдесіндегі Қылмыстық Кодексінің 385 бабы 1 тармақшасына сай Жалған құжаттарды, мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, мемлекеттік наградаларды қолдан жасау, дайындау немесе өткізу, Құқықтар беретін немесе міндеттерден босататын куәлікті немесе өзге де ресми құжатты қолдан жасау не мұндай құжатты өткізу, сол сияқты қолдан жасалған мөртабандарды, мөрлерді, бланкілерді, мемлекеттік пошта төлемі белгілерін, Қазақстан Республикасының немесе КСРО-ның мемлекеттік наградаларын дайындау немесе өткізу – екі мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не алты жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланатыны туралы М.Дуйсенбаев Түлкібас аудандық аурухана заңгері және комплаенс офицері ретінде айтып өтті.

Жоғарыдағы аталғандардың негізінде қортындылай келе, медициналық ұйымдардың басшысы, орынбасарлары мен барлық әкімшілік бөлімі, бөлім меңгерушілері, аға дәрігерлермен, дәрігерлер және аға мед. бикелермен мейірбикелер тікелей жауапкершілігімен Қазақстан Республикасының 2015 жылғы жылғы 18 қарашадағы «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс – қимыл туралы» № 410-V заңын басшылыққа ала отырып, басқарып отырған мекеменің жалпы жүйесінде өз құзыреті шегінде талаптарын орындап, онда көзделген тәртіптік шара қолдана отырып, сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге және сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметіне көмектесуге міндетті.

ҚР қолданыстағы заңнамасының нормаларын, сондай-ақ қабылданған шектеулерді мүлтіксіз сақтау және бұзу фактілеріне жол бермеу туралы нұсқау берілді, Сонымен бірге Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар үшін жауапкершілік Қылмыстық Кодексте және «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодексте көзделгендігі туралы барлық медицина қызметкерлерімен тансытырылған.


Бандамашыға сұрақтар беріліп, оның барлығына да толық жауап қайтарылды.

Мәжілістің төрағасы:



Б.Е.Курманбеков.

Хатшы: ТАОА заңгері кеңесші



М.М. Дуйсенбаев.